

«Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі»

Хаттама № 2

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие» тақырыбында бітіруші сынып ата-аналары мен сынып жетекшілеріне арналған жиналыс болып өтті.

26.05.2023ж

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі
Мектеп директоры Г.Сулейменова
Ата-аналар комитетінің төрайымы Б.Наурызова
1-11 сынып ата-аналар мен сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие» ата-аналар комитетінің төрайымы Б.Наурызова
2. «Ата-ана, ұстаз бірлігі-болашақ ұрпақтың тірегі» тақырыбында ата-аналар жиналысы. Өмір қауіпсіздігі Баяндамашы Е.Маканов

Тыңдалды: мектеп директоры Г.Сулейменова

АТА-АНАЛАР НАЗАРЫНА!

2022-2023 оқу жылындағы бастауышпен қоштасу, соңғы қоңырау, қорытынды аттестаттау тапсыруда мына жағдайларды ескертеді:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында мектеп қажеттіліктеріне және 4, 9, 11 сыныптарды аяқтауына, мектептің жөндеу жұмыстарына ақша жинауға қатаң тиым салынатынын;

2. Педагогикалық этика және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігіне және педагогтарға кез-келген түрдегі сыйлықтар алуға (педагогтар соңғы қоңырау іс-шарасы барысында ата-аналар тарапынан түрлі сыйлықтар алуға, ата-аналар комитеті тарапынан қаржылай ақша жинауға) қатаң тиым салынатынын;

3. Қорытынды аттестаттау және «Алтын белгіге» бітірген түлектерді марапаттау кезінде түрлі мақсатта ата-аналардан қаражат жинауға, гүл сыйлауға қатаң түрде тыйым салынатынын ескертеді.

Құрметті Ата-аналар! Жоғарыда айтылған талаптардың орындалуын қадағалауды ескертеміз.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы Наурызова Бактыгүл сөз алды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеуді және қоғамдық заңды мінез-құлыққа үйрететін отбасындағы ата-ананың да тәрбиесін бағаламауға болмайды, себебі баланы тәрбиелеу ең бірінші отбасына бастау алады. Отбасында өскелең ұрпақты тәрбиелеуге көп көңіл бөлу керек өйткені барлығы баланың отбасында қандай тәрбие алатынына байланысты, оның ішінде құқықтық мәдениеті де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетте бар. Ата-аналардың негізгі міндеті баланы өткен дәстүрді құрметтеуге және барынша қоғамға риясыз қызмет етуге тәрбиелеу болып табылады. Өкінішке орай қазіргі жағдайда көп ата-аналар азаматтық ұстаным мен құқықтық сауатсыздығының әсерінен өздерінің куәнделікті өмірлік мәселелерін заңсыз жолмен шешуге тырысады, оның салдары болашақ ұрпаққа кері әсерін тигізетіні жөнінде кең көлемде баяндалды.

Екінші мәселе бойынша ДТДЖО Е.Маканов жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы-бала. Бала- дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында мектепте, әлсуеттік ортада нәрленеді. Біздің көптеген ата-аналар баланың кемшілігін мектептегі мұғалімдерден көреді. Отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата-ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді. Баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуіне, мұғалім ата-ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшпақ жасаумен тең.

Өмірден қымбат еш нәрсе жоқ, өйткені өмірде бәрі бар. Өмір қауіпсіздік негіздерін әр оқушы білу керек және түсініп отыру керек. Жас баланың суға шомыла білмеуі, адамдардың судағы қауіпсіздік ережелерін орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады. Сондықтан осындай келеңсіз оқиғаларды болдырмау үшін қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтаңыздар деп кенес берді.

Шешім қабылданды:

1. Мектеп қабырғасында сыбайлас жемқорлыққа жол берілмесін.
2. Жазғы демалыс маусымында оқушылардың су айдындарында адам өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау оқушылардың ата-аналарына міндеттелсін.

Мектеп директоры:

Хатшы:



Г.Сулейменова

А.Раушанова